

**СӨЖ №4 тақырып:** Қазақ тілінің сөздік құрамы мен негізгі сөздік қоры

**Сабақтың мақсаты:** Сөз мағынасының өзгеруі, ауыспалы мағынада қолданылу себептері. Сөз мағынасы өзгеруінің, жаңа мағына иеленуінің сыртқы (экстралингвистика) және ішкі (лингвистикалық) себептері болатындығы. Сөз мағынасының кеңеюі. Сөз мағынасының таралуы. Сөздің негізгі мағынасына қоса туынды, ауыспалы мағыналарда жұмсалудың нәтижесінде көп мағыналықтың пайда болатындығы. Сөздің бірнеше, кем дегенде екі мағынаға ие болуы көп мағыналық деп аталатындығын түсіндіру.

**Негізгі сұрақтар:**

1. Дисфемизмдердің қолданылу ерекшелігі;
2. Дисфемизмдердің прозада қолданылуы. Дисфемизмдердің зерттелу тарихына шолу жасап, қазіргі қазақ тіл біліміндегі өзекті проблемаларын жеткізу;
3. Дисфемизмдердің ауыз әдебиеті үлгілерінде, көркем әдебиетте қолданылу ерекшеліктері;

**Тапсырма:** Сөз құрамы мен негізгі сөздік қор туралы ереже салу. Сөз құрамына байланысты сөздік құру.

Сөз құрамына қарай екіге бөлінеді:

1) дара сөз;

2) күрделі сөз.

**Дара сөз** негізгі және туынды тұлғадағы бір ғана сөзден тұрады. Мысалы: *киім, киімшең, еңбек, еңбекқор, қызмет, қызметкер, адам, адамшылық, т.б.*

**Күрделі сөз** екі немесе одан да көп түбірден құралады. Мысалы, *ата-ана, алқаракөк, жиырма жеті, Ақшатау, түрегел, күздігүні, т.б.*

Күрделі сөздер жасалу жолына қарай төрт түрлі болады: **біріккен сөздер, қос сөздер, қысқарған сөздер, тіркесті сөздер.**

**Біріккен сөздер** екі не одан да көп түбірден бірігіп, тұтас бір ұғымды білдіреді. Мысалы: *көкжиек, ешқашан, қонақжай, Жетіқарақшы, сексен, Екібастұз, қыстыгүні, т.б.*

Біріккен сөз екі түрлі болады:

1) кіріккен сөздер;

2) біріккен сөздер.

**Кіріккен сөз** – сыңарлары дыбыстық өзгеріске түсіп, біртұтас лексикалық мағына беретін сөздер. Мысалы, *қол+қап = қолғап, ендігіден+әрі = ендігәрі, сегіз+он = сексен, бұл+жыл = биыл, алып+бар = апар, тұрып+кел = түрегел, ащы+тас = ашудас, жаздың+күні = жаздыгүні, Орын+басар = Орынбасар, Өмірі+ұзақ = Өмірзақ, солай+етіп = сөйтіп, т.б.*

Есеп беру формасы: жазбаша жұмыс

Тапсырманы орындау және студенттердің білімін бағалау мерзімдері: 8 апта